



Ақпараттық технологиялар барлық жүйелерге, соның ішінде денсаулық сақтау жүйесіне де енгізілген. Қазіргі уақытта Сіз жұмыста немесе үйде, миллионыншы қаланың екінші жағында қауіпсіз бола аласыз және мобильді қосымшаны пайдаланып дәрігердің қабылдауына жазыла аласыз. Сізге жай ғана "DamuMed" мобильді қосымшасын Play Маркет арқылы жүктеп, телефон, ЖСН қосу арқылы тіркелу қажет. Осы қосымша арқылы учаскелік дәрігердің, арнайы маманның қабылдауына жазылуға ғана емес, дәрігерді үйге шақыруға, дәрігерлердің жұмыс кестесін қарауға, пациент туралы барлық ақпарат жинақталған жеке кабинетті пайдалануға болады. Ерекше санатқа жататын пациенттер үшін (жүкті әйелдер, 5 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналар, диспансерлік пациенттер) қол жетімді үрейлі түймеге ерекше назар аудару қажет. Бұл түймені қосу үшін Сіз учаскелік дәрігерге баруыңыз керек.

Мобильді қосымшаны қолданудың басты артықшылығы дәрігерлер мен пациенттердің уақытын үнемдеу болады. Қосымша жүгіну және нәтижелерді алу процесін жеделдетеді, пациенттерге қажетті медициналық ақпаратты қолжетімді түрде ұсынады, дәрігер мен пациент арасындағы коммуникацияны жақсартады, пациентке оның денсаулығына қатысты қажетті іс-шаралар туралы еске салады.